М.Ю.Лермонтовтың «Мцыри» романтикалық поэмасына 185 жыл (1839)

Ч.Диккенстің «Оливер Твисттің басынан кешкендері» романына 185 жыл (1839)

Н.В.Гогольдің «Өлі жандар» эпикалық гротеск лирикалық поэмасына 185 жыл (1839)

А.Дюманың «Үш ноян» романына 180 жыл (1844)

Г.Х.Андерсеннің «Қар ханшайымы» ертегісіне 180 жыл (1844)

В.Жуковский Гомердің «Одиссея» поэмасын аударғанына 175 жыл (1849)

Ж.Сандтың «Графиня Рудольштадт» романына 175 жыл (1844)

Г.Х.Андерсеннің «Оле-Лукойе» ертегісіне 175 жыл (1849)

И.Тургеневтің «Муму» әңгімесіне 170 жыл (1854)

И.Гончаровтың «Обломов» романына 165 жыл (1859)

А.Островскийдің «Найзағай» пьесасына 165 жыл (1859)

И.Тургеневтің «Асыл ұя» романына 165 жыл (1859)

Ж.Верннің «Жер орталығына саяхат» романына 160 жыл (1864)

Н.А.Некрасовтың «Темір жол» өлеңіне 160 жыл (1864)

Ж.Верннің «20 000 лье су астында» романына 155 жыл (1869)

И.Гончаровтың «Жартас» романына 155 жыл (1869)

В.Гюгоның «Күлетін адам» романына 155 жыл (1869)

Ж.Верннің «Жұмбақ арал» романына 150 жыл (1874)

Р.Джованьолидің «Спартак» романына 150 жыл (1874)

Ф.М.Достоевскийдің «Ағайынды Карамазовтар» романына 145 жыл (1879)

А.Н.Островскийдің «Бесприданница» пьесасына 145 жыл (1879)

М.Твеннің «Геклберри Финннің шытырман оқиғалары» романына 140 жыл (1884)

Р.Киплингтің «Джунгли кітабы» әңгімелер жинағына 130 жыл (1894)

А.Чеховтың «Итпен әйел» әңгімесіне 125 жыл (1899)

А.П.Чеховтың «Шие бағы» пьесасына 120 жыл (1904)

Д.Лондонның «Теңіз қасқыры» романына 120 жыл (1904)

М.Горькийдің «Жазғы тұрғындар» пьесасына 120 жыл (1904)

Д.Лондонның «Мартин Иден» романына 115 жыл (1909)

А.Ахматованың «Тәсбих» кітабына 110 жыл (1914)

М.Горькийдің «Балалық шақ» повесіне 110 жыл (1914)

Д.Ридтің «Әлемді дүр сілкіндірген 10 күн» кітабына 105 жыл (1919)

Е.Замятиннің «Біз» романына 100 жыл (1924)

К.Фединнің «Қалалар мен жылдар» романына 100 жыл (1924)

В.Бианкидің «Орман үйлері» әңгімесіне 100 жыл (1924)

К.И.Чуковскийдің «Айболит» ертегісіне 95 жыл (1929)

Э.Ремарктың «Батыс майданында бәрі тыныш» романына 95 жыл (1929)

Э.Хэмингуэйдің «Қарумен қоштасу!» романына 95 жыл (1929)

С.Я.Маршактың «Мұртты жолақты» өлеңіне 95 жыл (1929)

Н.Островскийдің «Болат қалай шыңдалған» романына 90 жыл (1934)

- К.Паустовскийдің «Колхида» кітабына 90 жыл (1934)
- П.Трэверстің «Мэри Поппинс» ертегісіне 90 жыл (1934)
- П.Бажовтың «Малахит жәшігі» ертегілер жинағына 85 жыл (1939)
- А.Волковтың «Изумруд қаланың сиқыршысы» әңгімесіне 85 жыл (1939)
- А.Гайдардың «Чук пен Гек» әңгімесіне 85 жыл (1939)
- А.Гайдардың «Барабаншының тағдыры» повесіне 85 жыл (1939)
- А.Сент-Экзюперидің «Адамдар планетасы» кітабына 85 жыл (1939)
- Р.И.Фраерманның «Жабайы ит Динго, немесе алғашқы махаббат хикаясы» әңгімесіне 85 жыл (1939)
- А.М.Волковтың «Изумруд қаласының сиқыршысы» әңгімесіне 85 жыл (1939)
- К.Г.Паустовскийдің «Мещерская жағы» кітабына 85 жыл (1939)
- Л.А.Кассильдің «Дорогие мои мальчишки» повесіне 80 жыл (1944)
- В.А.Осееваның «Сиқырлы сөз» кітабына 80 жыл (1944)
- Л.Касильдің «Улица младшего сына» повесіне 75 жыл (1949)
- А.Бартоның «Балаларға арналған өлеңдер» жинағына 75 жыл (1949)
- С.И.Ожеговтың «Словарь русского языка» 75 жыл (1949)
- Д.Граниннің «Іздеушілер» романына 70 жыл (1954)

- А.Линдгрениң «Мио, менің Миоым!» повесіне 70 жыл (1954)
- В.Голдингтің «Шыбындар әміршісі» романына 70 жыл(1954)
- Н.Носовтың «Дымбілмес және оның достарының оқиғасы» кітабына 70 жыл (1954)
- Дж.Толкиеннің «Сақина достығы» романына 70 жыл (1954)
- Т.Янссонның «Қауіпті жаз» кітабына 70 жыл (1954)
- А. мен Б. Стругацкийдің «Страна багровых туч» повесіне 65 жыл (1959)
- У.Фолкнердің «Особняк» кітабына 65 жыл (1959)
- К.Симоновтың «Тірілер мен өлілер» кітабына 65 жыл (1959)
- В.Ю.Драгунскийдің «Денисканың әңгімелері» кітабына 65 жыл (1959)
- В.А.Осееваның «Динка» повесіне 65 жыл (1959)
- Л.А.Кассильдің «Будьте готовы, ваше высочество!» повесіне 60 жыл (1964)
- В.Быковтың «Альпілік баллада» повесіне 60 жыл (1964)
- Р.Дальдың «Чарли мен шоколад фабрикасы» повесіне 60 жыл (1964)
- Б.Васильевтің «Мұнда таң атқанша тыныш...» повесіне 55 жыл (1969)
- В.Шукшиннің «Мен саған бостандық беруге келдім» романына 50 жыл (1974)

Б.Васильевтің «Тізімде жоқ» романына 50 жыл (1974)

В.Распутиннің «Өмір сүр және есте сақта» әңгімесіне 50 жыл (1974)

В.Крапивиннің «Трое с площади Карронад» әңгімесіне 45 жыл (1979)

Х.Муракамидің «Желдің әнін тыңда» романына 45 жыл (1979)

Б.Заходердің «Считалия» өлеңіне 45 жыл (1979)

Д.Емецтің «Таня Гроттер и ботинки кентавра» және «Таня Гроттер и колодец Посейдона» кітаптарына 20 жыл (2004)

МЕРЕЙТОЙЛЫҚ КҮНДЕРГЕ ҚЫСҚАША ӨМІРБАЯНДЫҚ АНЫҚТАМА

1 қаңтар

**Танымал опера әншісі, композитор, актер, музыкант
Гарифулла Құрманғалиевтің туғанына 115 жыл
(1909-1993)**



Көрнекті әнші, композитор, Қазақстанның Халық артисі Құрманғалиев Ғарифолла 1909 жылы Қаратөбе ауданы, Ақкөл ауылында дүниеге келген. Анасынан ерте айрылған Ғарифолла Құрманғалиев немере ағалары Ғұбайдолла мен Хамидолланың қолында тәрбиеленеді. 10 жасынан домбыра тартып ән сала бастайды. Өзі туып-өскен өңірдің мақтанышы Мұхит Мерәліұлының өнерін бойына сіңіруге ниет қылып, оның туыстары Шынтас пен Шайхыға жолығады, ән үйренеді. Ақтөбе, Орынбор, Атырау, Орал өңірлеріне Мұхит әндерін насихаттайды. Құрманғалиев Ғарифолла 1928 жылы ауылдық Кеңестің хатшысы, одан соң бригадир, ұжымшар басқармасының төрағасы болды. 1934 жылы Алматыда өткен Бүкілқазақстандық халық өнерпаздарының 1-слетіне қатысып, сол жерде Опера және балет театрына қабылданған. Ол Елемес, Сақан, Жарас, Шеге, Естай, Нарымбет образдарын шебер сомдады. Ұлттық операның негізін қалаған көрнекті өнер қайраткерлерінің біріне айналды. Халықтың, әсіресе Мұхиттың әндерін нәшіне келтіріп орындау арқылы бүкіл қазаққа танымал болды. Сондай-ақ өзі де әндер шығарды. Олар: «Ақжайық», «Сүйген жар», «Нұржамал», «Жан еркем», «Аққу», «Сүйемін, туған өлкем» т.б.

Қазақ әндерін орындауда ешкімге ұқсамайтын мәндері бар тіртуар дарын иесі Ғ.Құрманғалиев өнерпаз жастарды баулып, өзінің тамаша мектебін қалыптастырды, сөйтіп ұлттық кәсіби ән өнеріміздің дамуына баға жетпес үлес қосты. Республикалық эстрада студиясында ұстаздық ете жүріп, талантты әншілердің

бірнеше буынын тәрбиелеп шығарды. Олардың қатарында Ж.Сәрсенғалиев, Қ.Рахимова, Қ.Орашева, С.Рахметжанов, С.Әбдірахманов, т.б. әншілер бар. 1967 жылдан бастап өмірінің соңына дейін Республикалық өнер және цирк студиясында ұстаздық етті. «Қызыл жұлдыз», «Еңбек Қызыл Ту» ордендерімен, бірнеше медальмен марапатталған.

Әдебиеттер:

1. Базарғалиева, С.А. Ғарифолла Құрманғалиевтің ұлттық опера өнеріне қосқан үлесі / С.А.Базарғалиева // Ғарифолла Құрманғалиевтің туғанына 100 жыл толуына арналған «Ғарифолла Құрманғалиевтің музыкалық-педагогикалық мұрасы» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның материалдары. - 2009. - С. 86-89.
2. Байділдин, Ш. Ғарифолладай әнші туарма / Ш.Байділдин // Қазақ. - 2013. - №7-8. - 15-22 ақпан. - Б. 4.
3. Жубанов, А. Соловьи столетий: Очерки о народных композиторах и певцах. - А.: Дайк-Пресс, 2002. - 455с.
4. Құрманбай, Ш. Шетелдіктер Ғарекеннің өлеңіне неге қызықты? // Айқын апта. - 2007. - №13. - Б. 29.
5. Құрманғалиев Ғарифолла: өмірдерек // Батыс Қазақстан облысы: энциклопедия. - А.: Арыс, 2002. - 373 б.
6. Құрманғалиев Ғарифолла: өмірдерек // Қазақ мәдениеті: энциклопедия. - А.: Аруана, 2005. - 414 б.
7. Құрманғалиев Ғарифолла: өмірдерек // Тарихи тұлғалар. - Алматы кітап, 2006. - 271 б.

8 наурыз
Қазақстанның Халық әртісі Әмина Өмірзақованың
туғанына 105 жыл
(1919-2006)



Өмірзақова Әмина Ерғожақызы (1919 жылы 8 наурыз Шығыс Қазақстан облысы, Абай ауданы, Қараауыл ауылы - 2006 жылы 26 қыркүйек. Алматы қаласы) - кеңестік және қазақстандық кино және театр актрисасы. Қазақ КСР - нің Халық әртісі (1965), Қазақ КСР-нің Мемлекеттік сыйлығының иегері (1967). Қазақ кино және театр өнерінде өзіндік қолтаңбасын қалдырған дарынды артист. 1938 жылы Ленинградтағы (қазіргі Санкт-Петербург) мемлекеттік сахна өнері техникумының (кейін Ленинград театр, музыка және кинематография институты) қазақ студиясын бітірген. 1938-1940 жылдары Шымкент облыстық драма театрының актрисасы 1940-1942 жылдары қазіргі Қазақ мемлекеттік драма театрының труппасының актрисасы 1942-1949 жылдары «Қазақфильм» студиясында қызмет атқарды. 1949 жылдан Қазақ балалар мен жасөспірімдер театрының (қазіргі Қазақ мемлекеттік академия жастар мен балалар театры) актрисасы болды. Алғашқы түскен фильмдері «Комсомольск», «Амангелді», «Алыптың әні», «Ақ раушан». Десе де оны танымал еткен алғашқы үлкен рөл - 1945 жылғы «Абай өлеңдері» фильміндегі Ажардың рөлі. 1964 жылы Анатолий Карповтың «Ана туралы жыр» фильмі экран бетіне шықты. Фильм көпшіліктің көңілінен шығып, ҚазКСР Мемлекеттік сыйлығын жеңіп алды, ал Әмина Өмірзақова 1964 жылғы Жалпыкеңестік кинофестивальде «ең жақсы әйел рөлі» сыйлығын, К. Байсейітова атындағы ҚазКСР Мемлекеттік сыйлығын жеңіп алды. 1968 жылы Шәкен Аймановтың «Тақиялы періште» комедиялық фильмі жарық көрді. Картина бүкіл Кеңес Одағындағы кинотеатрларында көрсетілді. Соның арқасында оны бүкіл ел таныды. «Тақиялы періштеден» соң оншақты фильмдерде түсті. Соның ішіндегі ең ерекшесі

«Мама Роза» картинасы. Ойнаған рөлі үшін «Шоқжұлдыз» кинофестивалының лауреаты атанды. 1996 жылы ұлының бастама фильмі «Аминада» өз-өзін сомдады.

Әдебиеттер:

1. Абдулаева, А. Каждая роль - поворот в судьбе / А.Абдулаева // Мерей. - 2004. - №2. - С. 50-51.
2. Әмина Өмірзақова: фотоальбом / құраст. Н.Асанжанова. - Астана: Өнер, 2013. - 240 б.
3. Баймурзина, Н. Легенде қазақсого кино Амине Умурзақовой - 85 жыл / Баймурзина Н. // Мегаполис. - 2004. - 18 марта. - С. 8.
4. Кенжетәев, К. Ананың рөлін шебер сомдаған бірден бір тұлға / К.Кенжетәев // Аңыз адам. - 2012. - №5. - Б. 11.
5. Қазақ мәдениеті: энциклопедиялық анықтамалық. - Алматы: «Аруна Ltd.» ЖШС, 2005.
6. Нурсейтова, Т. Кто любит дорогу, тот находит клад / Т.Нурсейтова // На страже. - 2006. - 9 марта. - №10. - С. 9.
7. Обаев, Е. Талант табиғаты / Е.Обаев; дайынд. Н.Ораз // Алматы ақшамы. - 2017. - 24 маусым. - №74. - Б. 15.
8. Өмірзақова, Ә. Ана бейнесін сомдау үшін өзің нағыз ана болуың керек: 85-ке келген актермен сұхбат / Ә.Өмірзақова; әңг. Т.Мантай // Айқын. - 2006. - 17 мамыр. - Б. 5.
9. Өмірзақова, Ә. Бәріне де төтеп бере білу керек: қазақ киносының жұлдызымен соңғы сұхбат / Ә.Өмірзақова; әңг. М.Орынбайқызы // АРУ ЖАН. - 2006. - №8. - Б. 16-18.
10. Өмірзақова, Ә. Мен бақытты әртіспін / Ә.Өмірзақова; дайынд.: М.Серікқызы, Д.Секер // Аңыз адам. - 2012. - №5. - Б. 10-15.
11. Умурзақова Амина Ергужинаова // Искусство Алматы в персоналиях / гл. ред. Б.О.Жакып. - Алматы, 2009. - С. 229-230; «Қазақстан» Национальная энциклопедия / гл. ред. Б.Аяган. - Алматы, 2006. - Т. 5. - С. 300-301.
12. Умурзақова А. Вечно юная душа / А.Умурзақова; беседовала Т.Нурсейтова // Юридическая газета. - 2004. - 5 марта. - С. 4.
13. Умурзақова, А.Е. Жаль, что не сыграла стерву / А.Умурзақова; беседовала Г.Танкаева // Время. - 2002. - 17 января. - С. 10.
14. Умурзақова, А.Е. Меня с первой буквы - «Аз» ... / А.Е.Умурзақова; беседу вел Н.Смаилов // Столичная жизнь. -

2005. - 3 марта. - №9. - С. 21.

15. Умурзакова, А.Е. Меркурьев вытер мне слезы / А.Е.Умурзакова; интервью вел Н.Смаилов // Литер. - 2005. - 20 января. - С. 5.
16. Умурзакова, А.Е. Просто легенда - Амина Умурзакова / А.Умурзакова; беседовал С.Юлдашев // Труд. - 2004. - 11 марта. - С. 14.
17. Умурзакова, А.Е. Самая главная роль / А.Е.Умурзакова; интервью вела О.Бондаренко // Веч. Алматы. - 2005. - 10 сентября. - С. 8.

12 сәуір

Ғылыми Академияның тұңғыш Президенті

Қаныш Сәтбаевтың туғанына 125 жыл

(1899-1964)

Сәтбаев Қаныш Имантайұлы (1899-1964) – Қазақстан геологтары ғылыми мектебінің негізін қалаушы, қазақстандық металлогения ғылымының негізін салушы, геология-минералогия ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Ғылым академиясын ұйымдастырушылардың бірі әрі тұңғыш президенті, КСРО және Қазақстан Ғылым академияларының академигі, Тәжікстан Ғылым академиясының құрметті мүшесі, қоғам қайраткері, КСРО Мемлекеттік және Лениндік сыйлықтарының лауреаты. Павлодар облысының Баянауыл ауданында туған.



Сауатын ауыл молдасынан ашқан болашақ ғалым Павлодардағы орыс-қазақ мектебінде, Семей мұғалімдер семинариясында, Томск технология институтының тау-кен факультетінде білім алған. Мұғалімдер семинариясында Ж.Аймауытов, М.Әуезов сынды көрнекті қайраткерлермен бірге оқыған.

«Алаш» қозғалысы қайраткерлерінің іс-әрекетіне қолдау білдірген. 1920-1941 жылдары Баянауылда халық судьясы,

«Атбастүстімет» тресі геология бөлімінің, Қарсақтай мыс комбинаты геологиялық барлау бөлімінің бастығы, комбинаттың бас геологы қызметтерін атқарған.

1941-1952 жылдары КСРО Ғылым академиясы Қазақ бөлімшесінің құрамындағы Геология ғылымдары институтының директоры, КСРО Ғылым академиясының Қазақ бөлімшесі Төралқасы төрағасының орынбасары, төрағасы, Қазақстан Ғылым академиясының президенті болған. 1952 жылы әміршілдік жүйенің тарапынан қысымға ұшырап, қызметінен төмендетіліп, Қазақ КСР Геология институтының директоры болып тағайындалған. 1955 жылы Қазақ КСР Ғылым академиясының президенті болып қайта сайланып, өмірінің соңына дейін осы қызметті атқарған.

Әдебиеттер:

1. Айтмухамбетова, Б. Пример для многих поколений / Б.Айтмухамбетова // Казахстанская правда. - 2017. - №139. - 24 июля. - С. 7.
2. Бакенов, М. Қаныш Сәтбаев сотта болған: ал осы қызметінен қалай кетті? // Түркістан. - 2008. - 17 сәуір. - Б. 7.
3. Брусиловская, Е. Герой своего времени // Казахстанская правда. - 2006. - 13 апреля. - С. 4.
4. Дәукеев, С. Сәтбаев үмітін ақтау - парыз // Егемен Қазақстан. - 2002. - 12 сәуір.
5. Жақсыбаев, А. Жаны жайсаң жақсылар: естеліктер, сапарлар, ой-толғамдар. - Алматы: Білім, 2006. - 272 б. - (Әдеби мемуарлар).
6. Жармагамбетов, Н. «Будь как Каныш!»: для многих поколений казахстанцев академик Каныш Имантаевич Сатпаев - пример для подражания / Н.Жармагамбетов // Байтерек. - 2014. - №2. - С. 41-47.
7. Жармагамбетов, Н. Каныш Сатпаев: «Мой народ выше меня» / Н.Жармагамбетов // Казахстанская правда. - 2014. - №16. - 24 января. - С. 25.
8. Қаймақбаева, К. Жеңіс күнін жақындатуға химия өнеркәсібінің қосқан үлесі // Қазақстан мұғалімі. - 2008. - 2 тамыз. - Б. 8.

9. Қаныш аға: Академик К. Сәтпаев туралы естеліктер. - Алматы: Жазушы, 1989. - 400 с.: ил.
10. Құрманбай, Ш. Кен қазу ісіндегі Қаныш Сәтбаевтың мақсаты не еді? // Айқын. - 2007. - №46. - Б. 7.
11. Мәмет, С. Қанекен, Мұхаң және өзім жайлы // Нұр Астана. - 2008. - 30 қаңтар. - Б. 7.
12. Садықов, Т. Планета имени Каныша Сатпаева / Т.Садықов // Казахстанская правда. - 2016. - 20 мая. - №95. - С. 13.
13. Салыков, К. Новое собрание трудов Каныша Имантаевича Сатпаева // Наука и высшая школа Казахстана. - 2002. - №11. - июнь.
14. Сарсекеев, М. Сатпаев / М.Сарсекеев; авториз. пер. с каз. С.Плеханова. - М.: Мол. гвардия, 1980. - 319 с.
15. Тодорова Н. Благодарная память (12 апреля 105 жыл со дня рождения К.И.Сатпаева) // Казахстанская правда. - 2004. - 10 апреля.
16. Тодорова, Н. Дочь Сатпаева // Казахстанская правда. - 2005. - 23 апреля. - С. 9.
17. Уразбаев, Х. Академик К.И.Сатпаев // Высшая школа Казахстана. - 2002. - №3. - С. 103-109.
18. Уразбаев, Х. Гений научного предвидения (О К.И.Сатпаеве) // Мысль. - 2003. - №7. - С. 66-67
19. Үлкен Жезқазған және Академик Қ.И. Сәтбаев = Большой Жезказган и академик К.И.Сатпаев. - А.: Ғылым, 2004. - 175 б.
20. Храм казахстанской науки - творение академика Каныша Сатпаева: из воспоминаний московского архитектора Николая // Наука и высшая школа Казахстана. - 2004. - 1 апреля.

20 сәуір
Кеңес Одағының Батыры
Әлия Молдағұлованың туғанына 100 жыл
(1924-1944)



Әлия Молдағұлова 1925 жылдың 25 қазанында Ақтөбе облысының Қобда ауданы Бұлақ ауылында дүниеге келген. Ол 7 жасында анасынан айырылып, нағашы ағасы Әубәкірдің шаңырағында тәрбиеленеді. 1935 жылы ағасы Әскери-көлік академиясына оқуға түсіп, кішкентай Әлияны отбасымен бірге алып кетеді. Ағасымен бірге кішкентай Әлия еліміздің бірнеше қалаларында болып, 14 жасынан Ленинградтың Охта ауданындағы балалар үйінде тәрбиеленеді.

1941 жылдың қыркүйегінде Ленинград қоршауда қалады. Әлия өзімен қатарлас оқушылармен бірге Невадағы қала төңірегіндегі қорғаныс бекіністерін салуға қатысады. Ол аянбай жұмыс істеп қана қоймай, басқаларды қолдап, жігерлендіреді. Қайсар мінезі үшін 1941 жылдың қарашасында Әлия Молдағұлова сол кезеңдегі жетекші жастар ұйымы - комсомол қатарына қабылданады.

1942 жылғы наурыз айында балалар үйі Ярославль облысына көшіріліп, Әлия мектепті сонда бітіреді. Ол сол жылы Рыбинск авиациялық техникумына қабылданып, онда 3 ай оқиды. Әлия оқып жүргенде майданға бірнеше рет сұранады, бірақ өтініші қабылданбайды. 25 қазанда Әлия 17 жасқа толып, тура бір айдан кейін «майданға аттануына байланысты» деген негіздемемен техникумнан шығарылады. Осы сәттен бастап Әлия Молдағұлованың қысқа болса да жарқын, қаһармандық жолы басталады.

Әлия Мәскеу түбіндегі Вешняки ауылында орналасқан мергендерді даярлайтын орталық мектептің алғашқы жасақталған тобына алынады. 1943 жылдың шілдесінде 22-ші армияның 54-ші арнайы атқыштар бригадасында мерген болып, әскери қызметін

бастайды. Әскери мұрағатта оның майдандастарының естелігі сақталған. Я.К. Прокопенкова «біздің бригадаға мерген Әлия Молдағұлова келді. Қазақстаннан келген талдырмаш денелі және өте сүйкімді қыз. Ол бар-жоғы 18 жаста еді, бірақ қазан айына дейін оның есебінде 32 өлі фашист болды», - деп еске алады. Н.А.Матвеева «Лия екеумізді төртінші батальонның бір взводуна орналастырды. Біз, мергендер, тапсырмаға жұппен баратынбыз, бізде алдын-ала дайындалған позициялар болатын. Сонда немістерді қарауылға түсіргенше отыратынбыз. Жаудың оғы мен миналары төніп жататын. Лия осындай сәттерде ержүректілік танытатын. Ол фашистерді қырып қана қоймай, ұрыс алаңынан жараланғандарды сүйреп әкеліп алғашқы медициналық көмек көрсетіп жататын», - деп еске алады.

1944 жылдың қаңтар айының басында Ленинград-Новгородтық операция кезінде 54-ші атқыштар бригадасы майданды бойлай Новосокольники қаласына (Псковск облысы) қарай маршпен алға шығады. Онда олар жаудың қорғанысын бұзып, қаладан солтүстікке қарай алға жылжиды. Мерген Әлия Молдағұлова қызмет еткен 4-ші батальонның саяси жетекшісі Г.В. Варшавскийдің естелігі бойынша, бригаданың бөліктері Насва бекетіндегі темір жолға шыққанда жау оғының астында қалады. Түнде шабуылға арналған негізгі шекараларға орналасып, кеңес жауынгерлері 1944 жылғы 14 қаңтардың таңында шабуыл жасайды. Әрекеттерін мергендер көлегейлеп жүрген батальонға Насва бекетінің ауданындағы Новосокольники-Дно темір жолын кесіп өтіп, Казачиха ауылына басып кіру тапсырылған. Қорғаныстың алдыңғы шебі сәтті бұзылғанымен, кеңестік шабуылшылар неміс әскерінің жауапты атысына төтеп бере алмай қалады. Осындай күрделі сәтте Әлия Молдағұлова «Жауынгерлер, алға!» деген ұранмен, алға ұмтылады. Кеңес әскерилері оның артынан шабуылға шығады. Қарсылас жау бұрынғыдай белсенді жауап қайтарып жатады. Күні бойына жалғасқан ұрыста Әлия үш рет жаудың шабуылына тойтарыс береді. Минаның жарықшақтарымен қолы жараланғанымен, ол немістердің орында қоян-қолтық ұрысады. Қазақтың батыр қызы осы жерде өмірін

қиған екінші жарақатын алса да, фашист офицерін жер жастандырып үлгерді.

КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1944 жылғы 4 маусымдағы қаулысымен көз жұмған Әлия Нұрмұхамедқызы Молдағұловаға Кеңес одағының Батыры атағы берілді.

«Отан үшін, алға!» майдандық газеті Кеңес одағының Батыры Әлия Молдағұлованың ерлігіне мақала арнайды. Онда ержүрек комсомол мүшесінің бірнеше рет жауынгерлерді шабуылға шығарып, ордағы шайқасқа қатысқанын, кеңес жастарының ізгі де асыл қасиеттерін бойына сіңіргенін баяндалады. Оның жарқын ғұмыры – майдандағы жауынгерлерге үлгі. Жазба «Қазақтың жауынгер қызы Әлия Молдағұлованың есімі – жеңісіміздің сәулесін мәңгілікке нұрландырады» деген сөздермен аяқталады.

Әдебиеттер:

1. Әлия Молдағұлова // Самопознание КЗ. - 2012. - №3. - Б. 68-70.
2. Герои огненных лет. Книга 7. - М.: Московский рабочий, 1984. - С. 291-297.
3. Героини. - Вып.1. - М.: Политиздат, 1969. - С. 423-432.
4. Дементьева, М. Спустя много жыл // Крестьянка. - 1983. - №5. - С. 30: фот.
5. Евстигнеев, Г. Гнев ваш громом прогремит // Снайперы / Е.Никифорова, Г.Евстигнеев. - М.: Молодая гвардия, 1976. - 158 с.
6. Жумаханов Ж. Алия Молдагулова / Ж.Жумаханов. - Алма-Ата: КазГослитиздат, 1959. - 128 с.
7. Кирсанов Н.А. Место назначения - фронт / Н.А.Кирсанов; Акад. наук СССР; отв. ред. П.Ф.Исаков. - М.: Наука, 1978. - 119 с.: ил. - Содерж.: [Центральная школа инструкторов-снайперов под Москвой в Вешняках и слушательница их, Герой Советского Союза Алия Молдагулова]. - С. 98-101.
8. Қопаева, К. Әлия батыр мен Маржан ана / К.Қопаева // Жас Алаш. - 2013. - №8. - 31 қантар. - Б. 4.
9. Молдагулова Алия Нурмухамбетовна // Герои Советского Союза: краткий биографический словарь / Пред. ред. коллегии И.Н.Шкадов. - М.: Воениздат, 1988. - Т.2 /Любов - Ящук/. - 863 с. - С. 105.

10. Мурзабулатова А. Подвиг Алии / А.Мурзабулатова // Приуралье. - 2014. - №42. - 17 апреля. - С. 7.
11. Мұхаметова, А.А. Әлия - ғасыр аруы / А.Мұхаметова // Қазақ әдебиеті және мемлекеттік тіл. - 2014. - №8. - қазан. - Б. 29-30.
12. Никифорова, Е. Краткая справка о Центральной женской снайперской школе Главного Управления Всеобуча НКО СССР // Алиа: док., воспоминания, ст., очерки и др. док. материалы о героине Совет. Союза А.Молдагуловой / Сост. С.Аскарров. - Алма-Ата: Жалын, 1985. - С. 34-41.
13. Нысанова, А. Әлия мен кездескен ару / А.Нысанова // Орал өңірі. - 2012. - №72. - 21 маусым. - Б. 15.
14. Попенко, Ф. Алиа // Военные знания. - 1983. - №12. - С. 6-7: фот.
15. Сәрсембина, Б. Әлия Молдағұлованың анасы аштықта оққа ұшты / Б.Сәрсембина // Жас Алаш. - 2011. - №101. - 21 желтоқсан. - Б.4.
16. Сексенбаева Р.Б. Урок мужества «Алиа Молдагулова» / Р.Б.Сексенбаева // Мектептегі кітапхана = Школьная библиотека. - 2014. - №6. - С. 47-48.
17. Смородкин С. Алиа // Героини: очерки о женщинах - Героинях Советского Союза / ред.-сост. Л.Ф.Торопов; предисл. Е.Кононенко. - Вып.1. - М.: Политиздат, 1969. - 447 с.
18. Уральский, Н. На берегах Ловати // Девушка из Легенды / Сост. Г.И.Нечунаев. - Алма-Ата: Казахстан, 1989. - С. 23-39.
19. Утегенова, Г. Әлия ерлігі - өшпес тарих / Г.Утегенова // Дефектология. - 2014. - №11. - Б. 39.
20. Хайруллина А. Чтобы знали, чтобы помнили / А.Хайруллина // Казахстанская правда. - 2013. - 13 сентября. - №273. - С. 20.
21. Шалманова, Ә. Әлия есімі - ел есінде / Ә.Шалманова // Қазақстан патриоты. - 2013. - №6. - Б. 7.
22. Шатаева, К. Әлия - аяулы есім / К.Шатаева // Тәрбие жұмысы. - 2013. - №1. - Б. 7-8.

1 мамыр
Ақын, жазушы
Ілияс Жансүгіровке 130 жыл
(1894-1938)

Жансүгіров Ілияс (1894-1938) – қазақтың көрнекті жазушысы, қазақ әдебиетін қалыптастырушылардың бірі. Туып өскен жері Алматы облысының Ақсу ауданы. Алғаш рет Қарағаш ауылындағы мектепте оқып, жәдитше сауат ашқан. Ташкенттегі екі жылдық мұғалімдік курсты бітіріп (1921), өз аулында мұғалім болады. Одан кейін аз уақыт «Тілші» газетінде істеп, Верныйдағы Қазақ ағарту институтының меңгерушілігіне тағайындалады (1922). Москвадағы Коммунистік журналистика институтына 1925 жылы түсіп, 1928 жылы бітірген соң «Еңбекші қазақ» газетіне қызметке алынады. Қазақстан Жазушылар одағы ұйымдастыру комиссиясының төрағасы (1932–1934). ҚАК СР Орталық Атқару Комитетінің мүшесі (1933–1936). Саяси репрессияның құрбаны болды.



Қарағаш ауылында жәдитше бастауыш мектепті бітіреді. Болашақ ақынның бұдан соңғы біраз уақыты ауылда өтеді.

1919 жылы. Ташкенттегі екі жылдық мұғалімдік курсқа түседі. Оны бітірген соң өз ауылында мұғалім болып, кейін «Тілші» газетінде қызмет атқарады.

1922 жылы Верныйдағы (Алматыдағы) Қазақ ағарту институтының меңгерушілігіне тағайындалады. 1925 жылы Мәскеудегі Журналистика институтына оқуға түсіп;

1928 жылы бітіріп шыққан соң, «Еңбекші қазақ» газетіне қызметке жіберіледі. Жансүгіров шығармалық жұмыспен қатар Қазақстан Жазушылар одағын ұйымдастыру ісіне де белсене қатысқан. Бұрынғы ҚазАПП (1926) таратылған соң;

1932 жылы Жазушылар одағын ұйымдастыру комиссиясының төрағасы болып сайланып;

1934 жылы өткен 1-съезге дейін қызмет істейді. Съезде Қазақстан Жазушылар одағының алғашқы төрағасы болып сайланды. 1934–1937 жылдары Қазақ саяси баспасының редакторы, сонымен бір мезгілде;

1933-1936 жылдары Қазақ АКСР-і ОАК-нің мүшесі болды.

1937 жылы жалған саяси айыппен тұтқындалып;

1938 жылы ату жазасына кесілген.

1958 жылы ақталды.

Жансүгіров өлең жазуды 1912 жылы бастаған. Оның «Балдырған», «Қызыл жалау» атты өлең дәптерлері кейін, 1957 жылы Ұлттық кітапханадан табылды. Жансүгіровтың баспа бетін көрген алғашқы туындылары – «Сарыарқаға», «Тілек» деген өлеңдері. Бұлар 1917 жылы Семейде шығып тұрған «Сарыарқа» газетінде жарияланған. 1923 жылы «Сана» журналында «Мерген Бөкен» әңгімесі басылып шықты. Осыдан соң Жансүгіров өлеңдері «Тілші», «Ақжол», «Кедей еркі» газеттерінде жиі жарияланып жүрді. Осыдан былай қарай Жансүгіров халқына қаламы ұшталған, терең ойлы, талантты ақын ретінде мәшһүр болды. Жансүгіров шығармаларының бастау алар арнасы – қазақ халқының бай ауыз әдебиеті, Абай поэзиясы, орыс және дүние жүзі әдебиетінің озық үлгілері. Оның шығармалары сан салалы, көп қырлы. Жансүгіров халықтың бай фольклорын жинасуға, оның озық үлгілерін халық игілігіне айналдыруға, басылып кітап болып шығуына үлкен үлес қосқан. Олардың озық үлгілерін өзі жазған мектеп оқулықтары мен хрестоматияларына енгізіп, мектеп оқушыларының халықтық тарихынан, өткен өмірінен хабардар болуына зер салған. Жансүгіров әдебиет сынына да араласып, әдеби көркем сын жанрының дамуына ат салысты. Ол А.С. Пушкиннің, М.Ю. Лермонтовтың, Н.А Некрасовтың, М. Горькийдің, Г. Гейне мен В. Гюгоның, Ғ. Тоқайдың, К. Лахутидің шығармаларын қазақ тіліне аударып, қазақ әдебиетінің әлем әдебиетімен байланысын кеңейтті. Республикада бірнеше мектеп, көше, аудан, шаруашылыққа, Талдықорған қ-ндағы Жетісу мемл. ун-тіне оның есімі берілген. Сол қалада ақынның өмірі мен шығарм-на арналған әдеби-мемориалдық мұражай жұмыс істейді.

Ілияс Жансүгіров қазақ әдебиетінің барлық жанрларында қалам тартып, елеулі туындылар берген әмбебап дарын. Әсіресе ол өзінің аса қуатты суреткерлік талантын поэзия жанрында көрсетіп, күллі қазақ әдебиетінің мақтанышына айналған туындылар берді. Ілияс әдебиетке халық фольклоры дәстүрінен, аз оқуымен және біршама кештеу - 20-жылдардың басында келді. Бірақ ол сол кездің өзінде халық өмірін жетік білетін, қазақ тілінің байлығын тамаша меңгерген бозбала еді. Өте қабілеттілігі мен ізденгіштігінің, жігерлілігінің және жаңадан құрылып жатқан қоғамның қоңыртөбел ортадан шыққан талапты жастың оқып, білім алуына жылы қабақ танытуының арқасында, ол біршама қысқа уақыттың ішінде тез жетіліп, аршындап алға озды. Алматы, Ташкент, Мәскеу оқу орындарында жақсы мағынасындағы қомағайлықпен білім алды, өз бетімен де көп оқыды, орыс және әлем классикалық әдебиетін зерттей оқып, үздік туындыларын орыс тілінен қазақшаға аударды. Осы аралықта жазуға да төселіп, қоғамдық жұмыстарға, әдебиет ісіне белсене қатысты. Алғашқы жинағы 1928 жылы 34 жасында жарық көрген Ілияс 5-6 жылдың ішінде қатарынан арындап алға озып, Абайдан кейінгі дәуірдің аса көрнекті ақынына айналды. Прозалық, драматургиялық талантты кесек туындыларын айтпағанда, «Күй», «Күйші», «Құлагер» сияқты классикалық шығармалар тудырды. Ілияс поэзиясы - ойға - қанат, сезімге нәр беретін, ешқашан ескірмейтін, мәңгі жас поэзия.

Қазақтың Абайдан кейінгі замандағы аса дарынды да арынды ақыны Ілияс Жансүгіровті, әдетте, өзі шалқар шабыт, керемет құштарлықпен көсіле жырлаған Ақан серінің Құлагеріне ұқсастырады. Айтты-айтпады, екеуінің дүлдүлдігінде ғана емес, тағдыр-талайында, қайғылы өлімдерінде де ұқсастық бар. Бәйгенің алдын бермейтін қас жүйріктерге ғана тән намыскерлікпен жанын сала зымырап бара жатқан Көктүйғынды омыраулап, кең тыныспен жүйткіп келе жатқан Құла пырақ межелі жер - Жыландысайға еңкейісте, үстіндегі баланың тізгінін босатып, тақымын сәл қымтып қалуы мұң екен, жұлдыздай аға жөнеледі. Сол сәтте қалтарыстан тап берген қарақшы кер құланы маңдайдан айбалтамен періп өтеді де, қайран тұлпар қара жер қақ айырылғандай гүрс етіп құлап қала береді. Кемеліне келіп,

ақындық бәйгесінде арындап алға шыққан шағында Ілияс та тоталитарлық жүйенің құрбаны болып, мұрттай ұшты. Әйтсе де әмбебап дарын айналасы 10 жылда проза мен драматургияда, әсіресе поэзияда әдебиетіміздің алтын қорына жататын айтулы туындылар беріп, артына аса мол көркем мұра қалдырды.

Ілиястың шығармашылығы көп қырлы, алуан сырлы. Ол поэзия, проза, драма саласында өнімді еңбектеніп, өзіндік қолтаңбасы айқын көркем шығармалардың маржан шоғырын дүниеге келтірген құнарлы да тегеурінді қаламгер. Оның шығармаларына арқау болған тақырып өрістері де алуан түрлі. Поэзия, проза, драма салаларындағы шығармаларына өзі ғұмыр кешкен ортадағы нақтылы өмір көріністерінен бастап, тарихи тақырыпқа дейін арқау болып отырады. Қандай тақырыпқа қалам тербесе де ел қамы, халық тағдыры, ұлттың болмыс қасиеті оның шығармаларының алтын арқауы.

Ақын ретінде Ілияс шығармаларының шоқтықты шыңы оның поэмалары. Оның қаламынан туған «Күй», «Дала», «Күйші», «Құлагер» сияқты он беске жуық көлемді поэмалары қазақ поэзиясының інжу маржаны болып табылады. Ол қазақ әдебиетінде поэма жанрын түр мен мазмұн жағынан анағұрлым байытып, халық болмысын асқақтатын рухты ситуацияларға ден қоя білді. Оның поэзиясында эпикалық серпін мен лирикалық сезім мінсіз тоғысып, ақынның дара қолтаңбасы айғақтап отырады.

Ілияс Жансүгіровтың прозалық шығармаларының ішіндегі көлемдісі «Жолдастар» романы. Мұнда қазақ сахарасындағы еңбек адамдарының тұрмыс тіршілігін, азаттықты көксеген арман аңсарын, 1916 жылғы ұлт азаттық көтерілісінің дүмпуін суреткерлікпен ашып көрсетеді.

Ілиястың драма саласындағы «Кек», «Түрксіб», «Исатай Махамбет» сияқты туындылары да қаламгер дарынына айғақ шығармалар. Ол әдебиет сыны мен аударма саласында да өнімді еңбектенді. А.С. Пушкиннің көптеген өлеңдеріне қоса, «Евгений Онегин» романын қазақ тіліне алғаш рет толық аударды. Сондай ақ, М.Ю. Лермонтовтың, А.М. Горькийдің, Н.А. Некрасовтың, В.В. Маяковскийдің көптеген шығармаларын қазақ тіліне аударды.

Ілияс Жансүгіров қазақ сөз өнерінің поэтикасын кемелдендірген, көріктендірген қайталанбас дарын иесі. Оның шығармалары қазақ әдебиетін ұдайы көркемдіктің шырқау шыңына бастай беретін мәңгілік үлгі өнеге.

Әдебиеттер:

1. Аубакиров, Э. Рукописи не горят / Э.Аубакиров // Экспресс К. - 2017. - 22 апреля. - С. 5.
2. Бельгер, Г. Этюды о переводах Ильяса Джансугурова / Г.Бельгер. - Алматы: Гылым, 2001. - 258 с.
3. Воспоминания о Илиясе Жансугурове: коллектив авторов. - Алматы: Жазушы, 1994. - 192 с.
4. Даниярова, С.А. Ілияс Жансүгіровтің «Күй» поэмасы / С.А.Даниярова // Әдебиет Қазақстан мектебінде. - 2013. - №5. - Б. 24-26.
5. Джансугуров, И. Избранное / И.Джансугуров. - Алма-Ата: Жазушы, 1984. - 272 с.
6. Джансугуров, И. Кулагер : отрывки из поэмы. / И.Джансугуров. - Алма-Ата: Жалын, 1983. - 32 с.
7. Джансугуров, И. Поэмы / И.Джансугуров. - Алма-Ата: Жалын, 1983. - 192 с.
8. Джансугуров, И. Рассказы и фельетоны / И.Джансугуров. - Алма-Ата: Казгослитиздат, 1958. - 189 с.
9. Джансугуров, С. Славный сын казахского народа / С.Джансугуров // Мысль. - 2013. - №7. - С. 54-55.
10. Джансугуров, И. Собрание сочинений: В 5-ти т. Стихи. Т.1. / И.Джансугуров. - Алма-Ата.: Жазушы, 1986. - 328 с.
11. Джансугуров, И. Стихи. Поэмы / И.Джансугуров; сост. И.И.Джандосова-Джансугурова. - Астана: Ценные бумаги, 2001. - 210 с.
12. Джансугуров, И. Стихотворения и поэмы / И.Джансугуров, С.Сейфулин. - М.: Сов.писатель, 1973. - 680 с.
13. Джансугурова-Джандосова, И. История архива Ильяса Джансугурова / И.Джансугурова-Джандосова // Фатима: Дневники, воспоминания, стихи, статьи, интервью / сост. М.Жанузакова. - Алматы, 2010. - С. 182-186.
14. Джуанышбеков, Н. Ильяс Жансугуров (1894-1938): очерки о

жизни и творчестве / Н.Джуанышбеков. - Астана: Искандер, 2006. - 56 с.

15. Жансүгүров, И. Букен, стрелок: рассказы / И.Жансүгүров. - Алма-Ата.: Жазушы, 1965. - 84 с.
16. Қаңарбаева, Б. Күйдегі әмір ақиқат / Б.Қаңарбаева // Вестник университета Кайнар. - 2015. - №3. - Б. 22-35.
17. Малаева, Н.М. Жансүгіров және фольклор / Н.М.Малаева // Изденіс = Поиск. - 2013. - №2. - Б. 46-52.
18. Сағымбекова, Б. І.Жансүгіров «Құлагер» поэмасы / Б.Сағымбекова // Сыныптағы тәрбие. - 2014. - №4-5. - Б. 22-23.
19. Хамай, Ж. Алашорда және Ілияс Жансүгіров / Ж.Хамай // Самопознание. - 2013. - №4. - Б. 60-64.

23 тамыз

Қазақ ақыны, ҚР еңбек сіңірген қайраткері Ақұштап Бақтыгерееваның туғанына 80 жас (1944)



Ақұштап Бақтыгереева 1944 жылғы 23 тамызда Батыс Қазақстан облысының Ақжайық ауданында дүниеге келген. Қазақтың «жайықтың ақ шағаласы» атанған ақын қызы.

А. Бақтыгерейқызы 1966 жылы Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық институтының Филология факультетін бітірген.

Еңбек жолын 1966 жылы Батыс Қазақстан облыстық «Орал өңірі» газетінде әдеби қызметкері болып бастады. 1966-1971 жылдары аралығында Талдықорған облыстық «Октябрь туы», республикалық «Қазақ әдебиеті» газеттерінде әдеби қызметкер, 1971-1972 жылдары аралығында «Қазақфильм» киностудиясында

редактор, 1972-1975 жылдары аралығында «Жұлдыз» журналында әдеби қызметкер, 1975-1981 жылдары аралығында «Жазушы» баспасының аударма редакциясында редактор қызметтерін атқарған. Бүгінде Қазақстан Жазушылар одағының Батыс Қазақстан облысындағы филиалының директоры.

А. Бақтыгерейқызының «Өрімтал» атты тұңғыш өлеңдер жинағы 1967 жылы жарық көрді. 1969 жылы «Наз», 1971 жылы «Қанышым - іңкәрім», 1973 жылы «Сені ойлаймын», 1975 жылы «Ақ қанат», 1978 жылы «Бақыт әні», 1980 жылы «Жайық қызы», 1981 жылы «Белокрылая», 1985 жылы «Ақжелең», 1990 жылы «Сүмбіле» атты кітаптары, 2001 жылы «Ақ шағала» атты таңдамалы жыр жинағы және 2004 жылы «Лебединая верность» атты жинағы жарық көрді. Ол Сильва Капутикян, Анна Ахматова, Вероника Тушнова сынды ақындардың өлеңдерін қазақ тіліне аударған. Көптеген ән мәтіндерінің авторы.

А. Бақтыгерееваның азаматтық үні «Трибун-ақын», «Ақ Жайықтың көз жасы», «Елдің елдігі - бірлігі», «Оралдағы ойран» сияқты өлеңдерінде айқын көрінді. Туған елге деген сүйіспеншілік, ана тілі тағдыры ақын поэзиясының негізгі арқауы. Ақұштап Бақтыгерейқызының шығармалары поэтикалық қуатымен, тілінің шырайлылығымен қазақ поэзиясына жаңа өрнек алып келді.

Қазақ поэзиясына соны серпін, өзіндік өрнек әкелген А. Бақтыгереева «Құрмет» орденімен, «Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне 10 жыл», «Астанаға 10 жыл», «Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне 20 жыл», «ҚР Конституциясына 20 жыл», «Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне 25 жыл» мерекелік медальдарымен, «Желтоқсан оқиғасына 30 жыл» құрметті төсбелгісімен және Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті - Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Алғыс хаттарымен» марапатталған. Ол - Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, ҚР Президенттік стипендиясының және Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының иегері, Орал қаласының «Құрметті азаматы».

Әдебиеттер:

1. Айтөлен, Ә. Ақын деген - дауыс бермей-ақ сайланған халық депутаты: А. Бақтыгереевамен сұхбат // Айқын. - 2007. - 30 қараша. - Б. 3.
2. Әшірбаев, Б. «Кептер кептермен, қарға қарғамен ұшады»: А. Бақтыгереевамен сұхбат // Қазақ әдебиеті. - 2008. - 18 шілде. - Б. 4.
3. Бақтыгереева, А. Ақ желең. Жыр жинағы. - А., Жазушы, 1985.
4. Бақтыгереева, А. Ақ шағала: өлеңдер // Қазақ. - 2007. - 22 маусым. - Б. 6-7.
5. Бақтыгереева, А. Ана тілін білмейтін қазақ мен үшін мүгедек қазақ // Тіл. - 2008. - №1. - Б. 52.
6. Бақтыгереева, А. Жайық қызы. Өлеңдер. - А.: Жазушы, 1980.
7. Бақтыгереева А. Из писем к матери: стихи // Приуралье. - 2004. - 18 сентября.
8. Бақтыгереева, А. Рұқсат беруіңізді өтінем / А.Бақтыгереева // Қазақ әдебиеті. - 2012. - №1. - 6-12 қаңтар. - Б. 1, 3.
9. Бақтыгереева, А. Сені ойлаймын. Өлеңдер. - А., Жазушы, 1973.
10. Бақтыгереева, А. Сүмбіле. Өлеңдер. - А.: Жазушы, 1990.
11. Бияшева, Г. Ақынға туған жердің төрі дайын / Г.Бияшева // Орал өңірі. - 2011. - №144-145. - 15 желтоқсан. - Б. 10.
12. Жазықсай, Т. Ақынға туған жердің төрі дайын: Ақұштап Бақтыгереева туралы бір үзік сыр // Орал өңірі. - 2003. - 16 қазан.
13. Нариков, А. Белокрылая: Поэтессе Ақұштап Бақтыгереевой - 60 лет // Приуралье. - 2004. - 18 сентября.
14. Нықмұқанова, А. «Елге пайдам тисе деймін»: А.Бақтыгереевамен сұхбат // Орал өңірі. - 2008. - 24 сәуір. - Б.5.

13 қазан

**Тілші-ғалым Отаралы Бүркітовтың туғанына 70 жыл
(1954-2005)**



Бүркітов Отарәлі (13.10.1954 жылы туған, Қаратөбе ауданы) - тілші-ғалым, филология ғылыми кандидаты (1995), доцент (1997). Орал педагогика институтын (1979), ҚазМУ-дің аспирантурасын (1985) бігірген. Орал педагогика институттында оқытушы, аға оқытушы, кафедра меңгерушісі (1989-93), факультет деканы (1993-95), Батыс Қазақстан Гуманитарлық Университетінің оқу ісі жөніндегі проректоры (1996-1999) қызметтерін атқарған. 1999-2001 ж. әл-Фараби атындағы, ҚазМУ-дің аға ғылыми қызметкері. Қазір Батыс Қазақстан гуманитар. академиясының оқу және ғылыми жұмыстар жөніндегі проректоры. Ғылыми жұмыстары қазақ тілінің тарихы, теориясы, стилистикасы, қазіргі қазақ көркем шығармаларының тілі, түркітану мәселелерін зерттеуге арналған. Бүркітов - алғашқы қазақ тіл білімі өкілдерінің бірі, көрнекті ғалым Қ.Жұбанов ілімін республикалық деңгейде насихаттаушы, 80-ге жуық ғылыми еңбек авторы.

Әдебиеттер:

1. Батыс Қазақстан облысы: энциклопедия. - Алматы: «Арыс» баспасы, 2002. - Б. 212.
2. Гурьева Г. Глава восьмая. История в лицах // Гурьева Г. Долгий путь вуза. - Уральск: «Полиграф-сервис», 2020. - С. 261.

15 қазан

**Белгілі қазақ ақыны, мемлекет және қоғам қайраткері
Сәкен Сейфуллиннің туғанына 130 жыл
(1894-1938)**

Сәкен (Сәдуақас) Сейфуллин (1894-1938) қазақтың атақты ақыны, жалынды жазушысы, дарынды драматург, білікті ұстаз, мемлекеттік қайраткері, Қазақстанның қазақ әдебиетінің негізін қалаушылардың бірі. Қазақ КСР-інің Халық Комиссарлары Кеңесінің алғашқы төрағасы болған.



Қарағанды облысы Ақадыр (қазіргі Шет ауданы) ауданы Қарашілік қыстағында дүниеге келген. Нілдідегі орыс-қазақ, Ақмоладағы бастауыш приход мектебінде, қалалық үш класты училищеде оқыған.

1914 жылы Қазан қаласында «Өткен күндер» деп аталған тұңғыш өлеңдер жинағын бастырып шығарған. Омбыдағы қазақ жастарының «Бірлік» қауымы басшыларының бірі болған. 1917 жылы Бұғылыда мектеп ашып, орыс тілінен сабақ берген. 1918 жылғы сәуірде «Жас қазақ марсельезасын» жазып, 1 мамырда «Бақыт жолында» атты пьесасының беташар қойылымын көрсеткен.

Ақтар көтеріліс жасап, Ақмола совдепшілерін тұтқынға алған. Сәкен Сейфуллин атаман Анненковтың «азап вагонынан», 1919 жылғы сәуірдің 3-де адмирал Колчактың Омбыдағы түрмесінен қашып шыққан. 1920 жылғы мамырдың 7-де Ақмолаға қайтып оралып, атқару комитеті төрағасының орынбасары және әкімшілік бөлімінің меңгерушісі болған. Осы жылғы қазанның 4-де Қазақ Кеңес Автономиялық Республикасын жариялаған Кеңестердің Бірінші Құрылтай съезі делегаты болып қатысқан, Орталық Атқару Комитеті Президиумының мүшесі болып сайланған. Жер-су комиссиясының жұмысына және баспасөз ісіне басшылық жасаған. «Еңбекші қазақ» газетінің редакторы, халық ағарту комиссарының орынбасары, Қазақ КАСР Халық Комиссарлары Кеңесінің Төрағасы, Халық ағарту комиссариаты жанындағы ғылым Орталығының төрағасы, Қазақстан пролетар жазушылары

ассоциациясының басшысы, БК(б)П Қазақстан Өлкелік Комитетінің партия тарихы бөлімінің меңгерушісі, Қызылордадағы халық ағарту институтының, Ташкенттегі қазақ педагогикалық институтының директоры, «Жыл құсы» альманағы, «Жана әдебиет» журналы басшысы, Қазақтың мемлекеттік институтының доценті, «Әдебиет майданы» журналының редакторы, Қазақтың коммунистік журналистика институтының профессоры қызметтерін атқарған. Осы кезде жаңа өмір жолында күреске шақырған «Асау тұлпар» өлеңдер жинағы, «Бақыт жолына», «Қызыл сұңқарлар» атты пьесалары, «Домбыра», «Экспресс», «Тұрмыс толқынында» атты поэтикалық жинақтары жарық көрген. Жаңашыл ақын поэзия мен драматургияға көп жаңалықтар енгізді. Өлеңнің түрі мен мазмұнында түбегейлі өзгеріс жасап, қазақ халқының поэтикалық дәстүрін дамытты.

С.Сейфуллин өмірде де, әдебиетте де белсенді күрескер болды. «Көкшетау», «Қызыл ат» дастандарында заманалық мәселелер көрсетілген. «Қызыл атта» 30-жылдардың бас кезінде Қазақстанның ауыл шаруашылығында орын алған асыра сілтеу оқиғалары сыналады. «Ақсақ киік», «Аққудың айрылуы» шығармаларында туған даланың табиғатын, адамның ішкі сезім күйлерін суреттейді.

С.Сейфуллин проза, драматургия, әдеби сын, әдебиеттану салаларында көрнекті еңбек етті. «Жұбату» әңгімесі - Сәкеннің қазақ әйеліне арналған алғашқы прозалық шығармасы. «Жемістер, «Біздің тұрмыс», «Сол жылдарда» туындыларында замандастар өмірі бейнеленген. С.Сейфуллин қазақ халқының патшалық езгіге қарсы күресін «Тар жол, тайғақ, кешу» атты тарихи-мемуарлық романында көрсетеді. Публицистика саласының дамуына қосқан еңбегі баға жетпес. Қазақтың ескі әдебиет нұсқауларын жинау, зерттеу, бастыру ісімен де шұғылданды. Оның қатысуымен «Қазақтың ескі әдебиет нұсқаулары», «Батырлар», «Ақан сері - Ақтоқты», «Ләйлі - Мәжнүннің» қазақша аудармасы жарық көрді. «Қазақ әдебиеті» кітабы - осы саладағы алғашқы зерттеу еңбектерінің бірі. Халық әдебиеті материалдарын мол жинап, пайдаланған бұл зерттеуінде қазақ ауыз әдебиеті үлгілерін жанрлық жағынан жіктеп, идеялық-көркемдік талдаулар жасайды. С.Сейфуллин қазақ әдебиетінен мектептерге оқулық жазу ісіне де қатысқан. Қазақ әдебиетінің кадрларын даярлауға көп күш салды, сол тұста әдебиетке келген қаламгерлер М.Қаратаев., К.Бекхожин, Ж.Саин, тағы басқалары

С.Сейфуллиннің көмегіне сүйенген. С.Сейфуллин олардың алғашқы кітаптарын бастыруға көмектесіп, алғысөздерін жазған. Жазушының шығармалары бірнеше рет шет тілдеріне аударылған. Ол 1936 жылы қазақ әдебиеті мен өнерінің Москвада өткен бірінші онкүндігіне қатысты. Қазақ жазушылары ішінен тұңғыш рет Еңбек Қызыл Ту орденімен марапатталған.

С.Сейфуллиннің өмірі мен шығармалары туралы С.Мұқановтың «Сәкен Сейфуллин» пьесасы, Ғ.Мүсіреповтың «Кездеспей кеткен бір бейне» повесі, Ә.Тәжібаев, А.Тоқмағанбетов, Қ.Бекхожин, тағы басқалардың поэмалары, Е.Ысмаиылов, С.Қирабаев, Т.Кәкішев, тағы басқа ғалымдардың әдеби зерттеулері, естеліктері жарық көрген. 1938 жылы қуғын-сүргінге ұшырап, Алматыда атылды. 1958 жылы ақталған.

